

#КүшімізБірлікте

Біз жаңа саяси мәдениет қалыптастырып жатырмыз. Түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт. Өзгенің пікірін құрметтеп, диалог жүргізу арқылы ғана еліміз ілгері жылжиды.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



ТӨЛЕ БИ БОЙЫ ТҮРЛЕНЕДІ

4

МӘСЕЛЕ



ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР

бала өмірінің нәріне айналса игі

9

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

29.01.2022

Түнде:



0, -2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+1+3°C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашын
(жаңбыр, қар), тұман.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

30.01.2022

Түнде:



-2-4 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар),
тұман, көктайғақ.

Күндіз:



0,+2 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар),
тұман, көктайғақ.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №9 (6144) 29 қаңтар, сенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІ БӘРІНЕН БИІК

Ел Президенті Nur Otan партиясының кезектен тыс ХХІ съезіне қатысты



Қасым-Жомарт Тоқаев Nur Otan партиясының кезектен тыс ХХІ съезіне бейнебайланыс режимінде қатысты. Сондай-ақ, жиынға Тұңғыш Президент – Елбасы, Президент Әкімшілігінің басшылығы, партияның Саяси кеңесінің мүшелері қатысты. Отырысты партия Төрағасының бірінші орынбасары жүргізді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзінен және дауыс беру рәсімінен кейін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты Nur Otan партиясының Төрағалығына сайлау туралы Съезд қаулысы қабылданды. Содан кейін Мемлекет басшысы жиынға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде партияны басқаруға ұсыныс жасағаны және қолдау көрсеткені үшін ризашылығын білдіріп, Nur Otan партиясына төрағалық ету аса жауапты жұмыс екенін атап өтті.

3

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

ЖАҢА ЕРЕЖЕ

Елімізде карантинді жеңілдету туралы жаңа қаулы қабылданды



Қазақстанның бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің міндетін атқарушы Айжан Есмағамбетова республикадағы қолданыстағы карантиндік шектеулерді жеңілдетуді көздейтін жаңа қаулыға қол қойды.

Жаңа ережеге сәйкес, эпидемиологиялық қауіп аймағына («жасыл», «сары», «қызыл») қарамастан, Ashyq жобасына қатысатын нысандардың жұмыс және демалыс күндеріндегі жұмыс уақытына, сондай-ақ қауіпсіз «жасыл» мәртебесі бойынша жұмыс істейтін объектілер үшін қызметкерлер мен келушілерге қатысты шектеулер алынып тасталды.

5

ҚЫСҚА...

- Елімізде «Берекелі бастама» порталы іске қосылады. Онда әр азамат өз қаласының инфрақұрылымын жақсарту туралы ұсыныстар айта алады.
- Nur Otan партиясының жоғары өкілді органы 55 пайызға жанарды. Онда азаматтық сектор өкілдерінің саны артты.
- Жақында «Жетісу» радиосы ашылады. Радио хабарлары алдымен Талдықорған қаласы мен Көксу, Ескелді аудандары тұрғындарына таралады. Одан кейін Жаркент, Алакөл өңірі қосылады.
- Алматы қаласында 33 сот сарапшысы қаңтар айындағы бүлік пен тонау жағдайларын тергеу аясында жұмыс істеуде.
- Бейжіңдегі XXIV қысқы Олимпиада ойындарының ашылуына бір апта уақыт қалды.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





● ПРЕЗИДЕНТ

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІ

сын-қатердің кез келген қиындығына төтеп беруге дайын болуы қажет



Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін қайта құру және нығайту шаралары қарастырылды.

Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі уақытта елдегі ахуал толығымен тұрақталғанын және құқықтық тәртіп қайта қалпына келгенін атап өтті. Тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің

қорғалу деңгейін арттыру үшін барлық шара қабылданып жатыр.

Президент барлық мемлекеттік органдар өткен оқиғадан сабақ алуға тиіс екенін айтты. Жаңғыртылған ұлттық қауіпсіздік жүйесі сын-қатердің кез келген қиындығына төтеп беруге дайын болуы қажет.

– Бұдан былай қылмыстық топтар мен террористер қалаларымызды басып алып, азаматтар мен олардың отбасыларының бейбіт өміріне қол сұғып, мемлекеттілігімізге қауіп төндірмеуі үшін шаралар қабылдауға міндеттіміз. Ұлттық қауіпсіздік жүйесін қайта құру ісінің мақсаты да осы, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қауіпсіздік Кеңесінің басшысы қауіпсіздікке жауап беретін барлық құрылымның өз жұмыстарын өзгертуі керек екенін атап өтті. Бұл ретте олардың өзара іс-қимылдары барынша теңгерімді болуға тиіс.

Мемлекет басшысы ұлттық қауіпсіздіктің барлық бағытын нығайту жөніндегі нақты шараларды кешіктірмей жүзеге асыруға кірісуді тапсырды. Қауіпсіздік Кеңесі отырысының барысында ұлттық қауіпсіздік жүйесін реформалауға бағытталған нақты шешімдер қабылданды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ӘКІМ

ЕКІЖАҚТЫ ҚАТЫНАСТАР ДАМИДЫ



Әсел
ДАҒЖАН

Шаһар басшысы Б.Сағынтаев Алматыда АҚШ-тың Бас консулымен кездесті.

Екіжақты кездесу барысында сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері талқыланды. Америкалық тараптың бастамасымен өткен кездесуде АҚШ-тың Алматыдағы Бас консулы Кэролайн Саваж қаланың инвестициялық тартымды болып қалатынын атап өтті. Қала әкімі Бақытжан Әбдірұлы өз кезегінде сауда-экономикалық салада екіжақты қатынастарды дамытуға ерекше көңіл бөлінетінін айтты.

Шаһарда 130 бірлескен және 401 америкалық кәсіпорын тіркелген. Жалпы, 2021 жылдың 11 айында Қазақстан мен АҚШ арасындағы тауар айналымы 25%-ға артты.

● ҚОР

ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ МӨЛШЕРІ АРТТЫ



Әсел
БЕЛДЕУБАЕВА

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін ай сайынғы әлеуметтік төлемдердің мөлшері артты.

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін үш әлеуметтік төлемнің мөлшері ұлғайтылды. Яғни мұндай төлем елімізде 347 мыңнан астам азаматқа төленеді.

ҚР Үкіметінің 17.11.2021 ж. №820 қаулысына сәйкес, сатып алу қабілетін сақтау мақсатында ағымдағы жылғы 1 қаңтардан бастап еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда (75 130 алушы) және асыраушысынан айырылған жағдайда (52 096 алушы) МӘСҚ-тан төленетін ай сайынғы әлеуметтік төлемдердің мөлшері 5%-ға артты, – деді ресми түрде ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.



Бұл төлемдер ұзақ мерзімді болып саналады, өйткені олар бірнеше жыл бойы төленуі мүмкін: еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда – адам еңбекке қабілеттілігін қалпына келтірмейінше не зейнеткерлік жасқа жеткенше; асыраушысынан айырылған жағдайда – балаларға көмекке толғанға дейін және күндізгі оқу нысанының студенттеріне 23 жасқа дейін жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған төлемдерді алушылар бюджет қаражаты есебінен осындай мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алады.

Сондай-ақ, биыл 1 қаңтардан бастап АЕК мөлшерінің ұлғаюына байланысты бала күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда МӘСҚ-тан 1 жасқа дейінгі ай сайынғы әлеуметтік төлем мөлшері арттырылды. Бұл шара 220 462 адамды қамтыды.

Естеріңізге сала кетейік, жоғарыда аталған әлеуметтік төлемнің мөлшері баланың туған күніне дейінгі соңғы 2 жылдағы орташа табыстың 40%-ын құрайды. Бұл ретте бұл әлеуметтік төлемнің ең төменгі мөлшері ұсталуға жататын міндетті зейнетақы жарналарын қосымша есептей отырып, «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Заңға сәйкес туылған баланың кезектілігіне қарай белгіленген ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшерінен кем болмауға тиіс.

● САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Мегполистері

7700

қызмет көрсету нысаны өз жұмысын қайта жандандыра бастады.



Биыл Алматыда тұрғын үйлердегі

352

жеделсаты ауыстырылады.



Қалада «Жастар практикасы» бойынша жалақыға

335,3 млн. теңге бөлінген.



Алматы колледждерінде

73 719

студент оқиды.



Қалада медициналық ұйымдарда

119

вакцинация пункті жұмыс істейді.



МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІ БӘРІНЕН БИІК

Ел Президенті Nur Otan партиясының кезектен тыс XXI съезіне қатысты

(Басы 1-бетте)

ӨТКЕНІН ҚАРАЛАҒАН ХАЛЫҚТЫҢ БОЛАШАҒЫ БҰЛЫҢҒЫР

Президент халқымызды дүрбелеңге салған қаңтардың басындағы қайғылы оқиғалар туралы айта келе, лаңкестер мен қылмыскерлерге тойтарыс беріп, мемлекетіміздің тұтастығын сақтап қалғанымызды мәлімдеді.

— Құзырлы органдар кінәлі адамдарды анықтап, жауапқа тарту үшін тергеу жүргізуде. Бұл жұмыс тек заң аясында жүзеге асырылатынына күмән болмауға тиіс. Бәрі Бас Прокуратураның және менің жеке бақылауымда болады. Адам құқығын міндетті түрде сақтаймыз. Бұдан былай мұндай қасіретке жол бермейміз, — деді Президент.

Мемлекет басшысы қоғамдық құндылықтар жүйесіне, саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларға түбегейлі өзгеріс енгізу қажет екеніне назар аударды.

— Азаматтық қоғам институттарына зор міндет жүктеледі. Әсіресе, саяси партиялар айрықша рөл атқаруға тиіс. Соның ішінде біздің партиямыздың алатын орны ерекше. Nur Otan Қазақстанды нығайтуға бағытталған маңызды реформалардың бастауында болып, түрлі салада нақты жетістікке жетуімізге елеулі үлесін қосты, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Елбасының жеке басына қатысты ел ішінде тарап жатқан түрлі жағымсыз әңгімелерге түсіндірме берді.

— Тұңғыш Президентіміз елімізді іргесі берік мемлекетке айналдыру үшін зор еңбек сіңірді. Ол Отанымыздың және әлем тарихында Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаған тұлға ретінде қалатыны сөзсіз. Елбасының 30 жылда ел мүддесі үшін атқарған жұмысын жоққа шығаруға болмайды. Бұл — тарихқа қиянат жасау деген сөз, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Қазақстан халқы Нұрсұлтан Назарбаевтың тұлғасына баға берген кезде тарихи деректерге шынайы түрде сүйенуі қажет.

— Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев отандық және әлемдік жылнамада Қазақстан Республикасының негізін қалаушы деген атпен қалады. 90-жылдардың басында Қазақстанның демографиялық ерекшелігіне және шекарасының шегенделмеуіне байланысты белгілі саясаткерлер мен саясаттанушылар елімізді ыдырап кетеді деп болжам жасаған болатын. Осындай қилы заман, тарихи кезеңде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мемлекет құру жөніндегі күрделі миссияны өз мойнына алды. Бұл, шын мәнінде, өте ауыр міндет еді, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасының нарықтық экономиканы қалыптастыруға, жан-жақты реформаларды жүзеге асыруға, Тәуелсіздіктің елең-алаң кезінде әлеуметтік-экономикалық сипаттағы көптеген проблеманы шешуге қосқан үлесін еске салды. Сондай-ақ, мемлекеттік шекараны рәсімдеуге, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, еліміздің геосаяси тұғырын нығайтуға және астананы көшіру ісіне сіңірген зор еңбегін атап өтті.

— Ол Американың бес президентімен, кеңестік және ресейлік бес басшымен, Қытайдың бірқатар төрағаларымен және басқа да көптеген мемлекеттің басшыларымен, сондай-ақ БҰҰ-ның төрт бас хатшысымен жұмыс істеді. Әлемдік қоғамдастықта оны жетістікпен, ядролық қаруға қарсы қозғалыстың көшбасшысы деп атайды. Сонымен қатар, Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның барлық экономикалық көрсеткіші бойынша Орталық Азия кеңістігінде алдыңғы орынға шыққанын ұмытпауымыз керек. Сондықтан Тұңғыш Прези-



денттің тарихи еңбегін ұмытпайық. Түптеп келгенде, шынайы әрі әділ болған жөн. Өткенін қаралаған халықтың болашағы бұлыңғыр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

АШЫҚ ЖӘНЕ ӘДІЛ САЯСИ БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ КЕПІЛДІК

Президент ел басқару ісінде жіберілетін кемшіліктер туралы айта келе, қателіктерге Американың да, Қытайдың да басшылары, тіпті Сингапурдың алғашқы Премьер-Министрі Ли Куан Ю да бой алдырды деген пікір білдірді.

— Бірақ Сингапурдың да, АҚШ-тың да, Қытайдың да халықтары және басқарушы топтары күршімізді күрмектен ажырата біліп, өздерінің басшыларын кемшіліктерден жоғары қойды. Жұмыс істемейтін адам ғана қателеспейді деген сөз бұрыннан белгілі. Сондықтан Тұңғыш Президенттің тиісті тарихи еңбегіне лайықты бағасын берейік. Ал кеткен қателіктер, еліміздің келешек басшыларына сабақ болсын. Мемлекетіміздің болашағы тұрғысынан алғанда бұның дұрыс болатынына сенімдімін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы өз сөзінде «қасіретті қаңтар» оқиғасының Тәуелсіздік алған жылдардағы ең ауыр сынақ болғанын атап өтті. Президент қоғамның кемелдігі мен мемлекеттің күш-қуатын сынап көруге арналған емтиханды сәтті тапсырғанымызды айтты. Осы ретте Президент бұл оқиғалардың барлық себеп-салдарын терең талдап, тиісті сабақ алу қажет деп санайды.

— Еліміз дамудың өте күрделі кезеңіне аяқ басқанын түсіне отырып, Nur Otan партиясын басқару ұсынысын ризашылықпен қабылдаймын. Бұл шешім партияны трансформациялау және бүкіл қоғамды ұйыстыру жұмыстарына кірісуге дайындықты білдіреді. Осы ретте мен Мемлекет басшысы ретінде ашық және әділ саяси бәсекелестік болатынына кепілдік беремін. Менің конституциялық міндетім — барлық билік тармағының келісілген іс-әрекетін және мемлекеттік органдардың халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ету. Әрине, бұл жағдайлар Президенттің кез келген партия мен қозғалыстардың қызметінен белгілі бір дәрежеде ашақтауын талап етеді. Сондықтан біраз уақыттан кейін, бәлкім осы жылдың ішінде, Nur Otan партиясына одан әрі төрағалық етуімнің орындылығы тура-

лы мәселеге қайта ораламыз. Мемлекет басшысының тең қашықтықтағы мәртебесі саяси реформалардың ауқымды топтамасында біржолата бекітілуі керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚАЗАҚСТАНДЫ ЖАҢАРТУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Президент елімізді жан-жақты жаңғырту үшін ұсынылған ауқымды мәселені еске салды. Оның пікірінше, Nur Otan реформаларды жүзеге асыруға белсене атсалысуға, Қазақстанды қарқынды түрде қайта құрудың және жаңартудың негізгі қозғаушы күші ретінде әрекет етуге тиіс.

— Бұл үшін Nur Otan өзін-өзі жаңартуы керек. Партияның бүкіл жұмысын сөз жүзінде ғана емес, түбегейлі қайта құру қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы партия мүшелерін төмендегі басымдықтарға баса мән беруге шақырды. Президент партия ішіндегі ынтымақты нығайтуды, қоғамдағы барлық конструктивті күшті біріктіруді бірінші міндет ретінде атады. Оның айтуынша, Жаңа Қазақстанды құру үшін ауызбіршіліктің, серіктестіктің, нық ұстаным мен болашаққа сенімнің маңызы зор.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, партия мемлекеттік органдардың жұмысын қайталамауы керек. Президент Nur Otan партиясы негізінен идеологиялық және кадрлық жұмыстармен айналысып, қажет жағдайда мемлекеттік аппараттың жұмысына жол сілттеп отыруы керек екеніне назар аударды.

— Партияның өміршеңдігі сайлауды уәделердің қаншалықты орындалатынына байланысты екенін түсіну керек. Менің ойымша, шындыққа жанаспайтын және орындалмайтын уәде бермеген абзал. «Арық айтып, семіз шыққан» жөн. Ақиқатқа тура қарау қажет. Сондықтан партия Үкіметпен және әкімдіктермен бірлесе отырып, сайлау алдындағы уәделердің орындалуын түбегейлі қадағалауы керек, — деді Мемлекет басшысы.

ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ ҚАЙТА ҚАРАЛАДЫ

Бұдан бөлек, Президент партияның ұйымдық құрылымын қайта қарауды, атап айтқанда, бірінші орынбасар лауазымын атқарушы хатшы қызметімен алмастыруды, сондай-ақ тиісті бағыттар

бойынша басқа да хатшылардың лауазымдарын қайта қарастыруды тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық кеңестердің қазіргі жоспарларын, олардың жеке құрамдарын қоса алғанда түбегейлі жаңартуға, басқа партиялар мен қоғамдық бірлестіктермен арадағы ынтымақтастықты жолға қоюға шақырды.

Президент Мәжілістегі партияның фракциясын қайта қарау, партия мүшелерінің өңірлердегі өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге атсалысуын күшейту, қоғамдық қабылдаулар қызметін жандандыру, партияның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі стратегиясын жаңа мазмұнда толықтыру, партия құрамындағы толып жатқан тиянақсыз, табансыз, мансапқұмар тұлғаларды орындарынан алу, сондай-ақ партияның Jas Otan жастар қанатының жұмысын сапалы түрде күшейту қажет деп санайды.

ЕЛ МҮДДЕСІНЕ БЕРІК БОЛУ ҚАҒИДАТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан халқына» қорының қызметіне арнайы тоқталды. Қорға ақшалай үлес қосқан кәсіпкерлерге ризашылығын білдірді. Сонымен қатар, олигополияның бір бөлігі, тіпті соның дәл өзі болып табылатын бизнестегі кейбір белгілі тұлғалардың Президент бастамашы болған қайырымдылық акциясына қатысуға асықпайтындарын атап өтті.

— Бұны қалай түсінуге болады? Сараңдық па, нигилизм бе, салғырттық па әлде менсінбеу ме? Қалай болғанда да, бұл сұрақтың жауабын алуға мемлекеттің құзыреті жетеді. Ірі бизнес тарапынан жасалатын қайырымдылық үдерісін реттейтін арнаулы Жарлық шығаруды жоспарлап отырмын, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің соңында Президент қызметінде болсын және партия жұмысында болсын ел мүддесіне берік болу қағидатын ұстанатынын жеткізді.

— Nur Otan — еліміздің негізгі саяси күші. Сондықтан Қазақстанның болашағы үшін, ең алдымен, біздің партиямыз жауапты. Әрқайсымыз осы жауапкершілікті терең сезініп, жұмыс істеуіміз қажет. Шын мәнінде, Nur Otan мемлекетшілдер партиясы болуы керек. Ұйым мүшелері мемлекет мүддесін бәрінен биік қоюға тиіс, — деді партия Төрағасы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӨТЕМАҚЫ

Еңбек ескерусіз қалмайды

Әсел
ДАҒЖАН

Алматыда жаппай тәртіпсіздік кезінде зардап шеккен және жұмыс істеген дәрігерлерге, полицейлер мен құтқарушыларға өтемақы төленді.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша денсаулық сақтау саласының, құқық қорғау органдарының, ТЖД және құтқару қызметінің ТЖ кезінде зардап шеккен және жұмыс істеген қызметкерлеріне материалдық көмек аударылды.

Естеріңізге сала кетейік, аталған салалардың зардап шеккен қызметкерлеріне өтемақы төлеу өткен дүйсенбіде басталған болатын. Бүгінде аталған көмекті 211 адам алды. Өтемақы процесі жалғасуда.

Сонымен қатар, төтенше жағдай кезінде жұмыс істеген қызметкерлер марапатталды. Оның ішінде 3882 денсаулық сақтау саласының қызметкері жалпы сомасы 546,7 млн. теңгеге, 93 құтқарушы 13,1 млн. теңгеге және ТЖД 1207 қызметкері 126 млн. теңгеге көмек алды.

Жақын күндері қалалық Полиция департаментінің 3878 қызметкеріне толық көлемде қаражат аудару аяқталады.

МӘСЛИХАТ

Бюджет қайта қаралды

Әсел
ДАҒЖАН

Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XIV сессиясында қала бюджетіне нақтылау жүргізілді.

Қаланың әкімшілік және күштік құрылымдарының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мәселелерін жедел шешу үшін, сонымен қатар, кәсіпкерлерге келтірілген залалды өтеуге және бизнес секторын ынталандыру мақсатында мәслихат әкімдіктің бастамасы бойынша Алматы қаласы бюджетіне нақтылау жүргізілді.

Жалпы, жергілікті бюджетті нақтылау 2021 жылғы бюджеттің кіріс бөлігін 30 млрд. теңге сомасына асыра орындау есебінен жүргізілетіні баса атап өтілді. Бөлініп отырған қаржы Мемлекет басшысының қаланы тезірек қалпына келтіру, халық пен бизнес нысандарына көмек көрсету жөніндегі тапсырмаларын іске асыру мақсатында мынандай шығыстарға бағытталады:

Тәртіпсіздік барысында зардап шеккен кәсіпкерлерге келтірілген залалды өтеу – 5 млрд. теңге;

ШОБ субъектілері үшін коммуналдық шығыстарды төлеу бойынша шығындарды субсидиялауға (3 ай мерзімге) – 1,5 млрд. теңге;

Халықты жұмыспен қамту бағдарламасын қаржыландыру аясында қоғамдық жұмыстарға жұмысқа орналастыру үшін 6 мың адамға 3,3 млрд. теңге қаражат қарастыру жоспарлануда;

Шағын және орта бизнес субъектілерін жеңілдікпен несиелеу тетігін енгізуге 6,3 млрд. теңге бөлінді.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің материалдық-техникалық жабдықталуын нығайтуға 2,2 млрд. теңге бөлу жоспарлануда.

Сонымен қатар, қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету және қалпына келтіру үшін әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды қаржыландыруға өзге де шығыстар көзделген.

Мәслихат хатшысы Станислав Канкуровтың айтуынша, қазіргі уақытта қала бюджетін нақтылау жобасы әзірленуде. Онда мегаполистің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мен қалпына келтіруге қатысты басқа да мәселелер қаралады.

ЛИФТ

Жеделсатылар жаңарады

*биыл Алматыда тұрғын үйлердегі
352 лифт ауыстырылады*

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Бұл жұмыс мемлекеттік «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жүзеге аспақ. Қазірдің өзінде ауыстырылуы тиіс 352 лифтінің 4-еуі жаңарған.

Жақсы істің игілігін көргендердің қатарында Панфилов көшесіндегі көпзатерлі тұрғын үйлердің тұрғындары бар. Олардың 38 жылдан бері пайдаланып кел-

ген лифтілері жаңа жеделсатымен алмастырылыпты.

Мамандардың айтуынша, 2020 жылы 302 жеделсаты ауысса, 2021 жылы 334 лифт жөндеген. Биыл 352 лифтінің қалпына келтіру жұмыстары қолға алынады. Егер жұмыс тұрақты әрі жүйелі жүргізіліп, осы қарқынмен жүзеге асатын болса, алдағы 5 жылда шаһардың тұрғын үй қорындағы барлық ескірген жедел сатыларды ауыстыру жоспарда бар дейді олар.

Тұрғын үй саясаты басқармасының басшысы Данияр Қырықбаев әр лифтінің өзінің бағасы бар екенін, оны тұрғындардың өздері тандап алатынын айтады. Яғни лифтінің темірі, материалы – барлығы есептеліп, түймелері мен диспләйіне дейін тұрғындардың қалауы бойынша орнатылады. Сонда лифтінің бағасы шамамен 1 миллионнан жоғары болады екен.

КОМИССИЯ



Бизнеске қолдау

Өңірлік комиссия мегаполистегі шағын және орта бизнес субъектілеріне келтірілген залал сомасын анықтау бойынша жұмысты жалғастыруда.

Алдын ала мәлімет бойынша, Алматыда тәртіпсіздік пен тонау салдарынан 1581 кәсіпкерлік субъектісі зардап шеккен. Шығын сомасы 45,6 млрд. теңгені құрайды. Залал сомасын айқындау жөніндегі өңірлік комиссия зардап шеккен объектілер бойынша, оның ішінде жергілікті жерлерге шыға отырып, деректерді жинауды жалғастырады.

Қала әкімі Б.Сағынтаевтың тапсырмасына сәйкес, қала ШОБ-ке бірнеше бағыт бойынша қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсетеді. Осылайша зардап шеккен бизнес субъектілері жылу,

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Төле би бойы түрленеді

Әсел
БЕЛДЕУБАЕВА

Төле би көшесін Яссауи көшесінен бастап қала шекарасына дейін тесуге 17 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлінген. Бұл соманы қалалық Мобильділік басқармасы мемлекеттік сатып алу сайтында көрсетті.

Тесу бір уақытта екі учаскеде қолға алынған. Яғни Төле би көшесі бойымен Яссауиден Әшімовке дейін тесу жүргізіледі. Ұзындығы 2,2 шақырым жолды тесуге 8,37 миллиард теңге бөлінген. Әшімовтен қала шекарасына дейінгі ұзындығы 2,3 шақырым болатын екінші учаскеге 8,4 миллиард теңге бөлінді.

Мемлекеттік сатып алу сайтында екі мердігер ұйым осы тапсырыстарды орындау бойынша шарт жасасқан.

Екі учаске үшін де тапсыру мерзімі шамамен 2023 жылғы 31 желтоқсан деп белгіленген.

Төле би көшесінде тесу жұмыстары жүргізілген соң ол батыс бағытта «Алтын Орда» базарына дейін 4,5 шақырымға созылады. Бір қызығы, жоспар бойынша кө-



шенің ортасында электр көлігі үшін ені 15 метр дәліз қарастырылған.

Бұған дейін «Алтын Орда» базарына дейін көшені батысқа қарай созу жұмыстары үш жылға созылатыны айтылған еді. Бірақ құрылыс жолында 200-ден астам жеке жер учаскелерінің орналасуына байланысты мерзімдер өзгеруі мүмкін.

Төле би бойымен жаңа ұзартылған жол алты жолақтан – әр бағыт үш жолақтан тұрады. Олардың төртеуі жеңіл және жүк көліктеріне, ал екеуі қоғамдық көліктерге арналған. Жаңа көшеде сегіз жерүсті жаяу жүргіншілер өткелі, 20 автобус аялдамасы, Тастыбұлақ

өзені арқылы өтетін құбырлар және Қарғалы өзені арқылы өтетін көпір салу жоспарлануда. Сондай-ақ, жол салу үшін 240 жер учаскесі алынып, 1924 жасыл желек кесіледі.

Төле бидің ұзаруына байланысты Райымбек, Абай, Жандосов көшелеріндегі жол жүрісі жеңілдеп, көлік кептелісі азаяды деп күтілуде.

Ұзартылғаннан кейін Төле би көшесі Нұрлы көшесімен қиылысады. Нұрлы көшесін Райымбек даңғылына дейін тесу жұмыстары жүргізілді. Айта кетейік, қазір Нұрлы көшесіне Абай даңғылы да қосылады, ал болашақта Жұбанов көшесінің жалғасы да қиылысады.

ЖОЛАЙРЫҚ

Жол жөндеу жалғасады

Әсел
ДАҒЖАН

Шаһардағы көшелер ұзартылып, жаңа жолайырықтар салынады.

Биыл Саин көшесімен Мөңке би көшесінің қиылысында жолайырық салу, сондай-ақ Төле би даңғылын ұзарту жұмыстарын бастау жоспарлануда.

«Биыл Абай даңғылы, Саин көшесі, Әуезов көшесін созу, Сейфуллин даңғылы мен Жансүгіров көшесінің қиылысында, Құлжа тас жолы мен Бұқтырма көшесінің қиылысында көлік айрығын салу, сондай-ақ «Сарыарқа» және «Б.Момышұлы» бекеттері бар ұзындығы 3,1 шақырымды құрайтын метро желісін пайдалануға беру жоспарда бар. Бұдан бөлек, «Думан» ықшамауданындағы ұзындығы 30,5 шақырым жолды күрделі жөндеу

жұмыстарын аяқтау, «Алғабас», «Қайрат», «Әл-мерек» ықшамаудандарындағы 43,1 шақырымды құрайтын 141 көшеде жол құрылысын аяқтау жоспарлануда», – деді Әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары Болатбек Баятанов.

Сондай-ақ, ол бөлімшеде өткен жылы Рысқұлов даңғылы – Емцов көшесі қиылысындағы жолайырық іске қосылғанын атап өтті.





#ЕКПЕАЛ

Қарқын жаман емес

Алматыда 16 науқас өкпені жасанды желдету аппаратына қосылған. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының баспасөз қызметі хабарлады.

27 қаңтар күнгі ақпарат бойынша, бір тәулікте қалада 2307 адам коронавирус жұқтырған. Барлық емделіп шыққандар – 191, келіп түскені – 247. «Инфекциялық стационарларда (төсек-орын саны – 3310) 1529 адам ем қабылдап жатыр. Оның ішінде 157-сі – бала», – деді басқарма өкілдері. Сондай-ақ, реанимация және қарқынды терапия бөлімінде 89 адам жатыр. Ал 16 науқас жасанды тыныс алу аппаратына қосылған. Инвазивті емес жасанды тыныс алу аппаратында 26 адам ем қабылдауды жалғастыруда. High flow-да 12 аппарат жұмыс істейді.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек мобилді бригадаларының және Телемедицина орталығының амбулаториялық бақылауында 12 643 пациент бар. Оның ішінде індет белгілері бар, орташа ауыр жағдайда – 11 859 науқас. Симптомсыз 784 науқас бар.

Алматыда вакциналау қарқыны жаман емес. Жалпы, шаһарда бір тәулікте 2800 адам корона-вирусқа қарсы вакцина салдырды.

«27 қаңтар күні 2800 алматылық вакцина салдырды. Вакцина салдырғандар саны бойынша Алматы қаласы алдыңғы орында. Өткен жылдың 1 ақпаны мен биылғы 27 қаңтар аралығында қалада 1 069 508 тұрғын вакцинаның бірінші компонентін, 1 032 247 адам екінші компонентін салдырған. Оның ішінде 124 041 адамның жасы 60-тан асқан», – деп хабарлады басқармадан. Бүгінгі таңда Pfizer (Cominaty) компаниясының екпесін 40 867 адам салдырды. Оның ішінде 2152 жүкті әйел, 8940 бала емізетін ана және 29 775 жасөспірім бар. Ревакциналаудан 148 041 алматылық өтті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕНИЯ

Екпені ең көп салдырған ел

● **НИГЕРИЯ** билігі халқын жаппай екпе салдыруға үгіттеп жатыр. Себебі, елде ковид, оның ішінде «омикрон» ушығып тұрған көрінеді. Абуджа қаласында дәрігерлер көше, үй жағалап түсіндіру жұмыстарын жүргізуге кіріскен. Екпе ету науқанына мобилді көліктер де жұмылдырылған.

● **БРАЗИЛИЯ** елі Рио мен Сан-Паулудағы дәстүрлі карнавалын «омикронға» байланысты сәуірге ауыстырды. Бұл мемлекетте бір тәулікте ковид жұқтырған адамдар саны 224 мыңнан асқан. Рио-де-Жанейродағы ауруханаларда бос орын жоқ деседі. Жансақтау бөлімдеріндегі орындар 80%-ға толған.

● **ҚЫТАЙ** жеріндегі уханьдық ғалымдар коронавирустың жаңа түрін анықтады. Ол Оңтүстік Африка Республикасында тіркелген. Әзірге ол жарқанаттар арасында таралып жатқан көрінеді. Алайда, мамандар жаңа вирустың адам баласы үшін де қауіпті болуы мүмкін екенін айтып отыр. Өйткені, ол мутацияға ұшыраса, жануарлардың ғана емес, адамдардың да жасушаларына өтіп кете алады.

● **ГЕРМАНИЯ** билігі халқына екпе салуды міндеттеуі мүмкін. Бундестагта бұл мәселеге қатысты алғашқы пікірталастары өтті. Парламент депутаттарының бір бөлігі екпені 18 жастан бастап міндеттеуді қолдаса, енді бірі тек 50 жасқа толған азаматтар ғана вакцина салдыру қажет деп отыр.

● **ОҢТҮСТІК КОРЕЯ** ғалымдары ковидті 30 минутта анықтайтын биодатчик жасап шығарыпты. ПТР-тест, экспресс-тесттерге қарағанда жаңа датчиктің көп пайдасы бар деп отыр мамандар. Ол дәлдігі және уақыт үнемдеу жағынан аса тиімді деседі. Жалпы, Оңтүстік Кореяда кейінгі тәулікте 13 мыңнан астам адамнан коронавирус анықталған. Бұл олар үшін антирекорд болып отыр. Осы күнге дейін КВИ жұқтыру көрсеткіші 10 мыңнан аспай келген еді.

● **ӘЛЕМ** бойынша ковидке қарсы 10 млрд. доза вакцина жасалған. Екпені ең көп салдырған ел – Қытай. Мұндағы көрсеткіш 3 млрд.-қа жуық. Ал екінші орында Үндістан тұр. Жалпы, әлемде вакциналау деңгейі бойынша 6 мемлекет үздік нәтиже көрсетті. Бұлар Біріккен Араб Әмірліктері, Мальдив аралдары, Куба, Португалия, Камбоджа және Сингапур. Мұндағы халықтың 90%-ы екпе салдырған. Ал вакцина жағынан кенжелеп тұрған ел – Африка. Онда халықты вакциналау деңгейі 10%-ға да жетпейді екен. Осының салдарынан әлемдік иммунитет қалыптастыруға мүмкіндік болмай тұр дейді сарапшылар.

ІНДЕТПЕН КҮРЕС

Әсел
ДАҒЖАН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл – салтанатты, еске алу, ойын-сауық, спорттық іс-шаралар, көрмелер, конференциялар, форумдар өткізуге, спорт кешендерінің, сауықтыру және діни объектілердің, ойын-сауық объектілерінің (ойын клубтары, казино, түнгі клубтар және караоке), СОО, сауда желілерінің (сауда алаңы 1000 шаршы метрден асатын азық-түлік емес және сауда алаңы 6000 шаршы метрден асатын азық-түлік), бассейндердің қызметіне қатысты.

«Жасыл» аймақтағы (эпидемиологиялық қауіп төмен) эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес келетін өңірлердегі келушілерде бейтарап («көк») немесе қауіпсіз («жасыл») мәртебе болған жағдайда Ashyq қатысушыларының қызметі шектеусіз, ал «сары» (орташа эпидемиологиялық қауіп) және «қызыл» (жоғары эпидемиологиялық қауіп) аймақтарда – карантиндік шектеулерді жеңілдету біртіндеп жүзеге асырылады. Осылайша эпидемиологиялық тәуекел аймағына қарамастан, облысаралық, облысшілік, қалалық (тұрақты және тұрақты емес)

КВИ-АҚПАРАТ

43 ел сатып алуға дайын

Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов ҚР Білім және ғылым министрлігінің алқа отырысында 43 мемлекеттің біздің QazVac вакцинасын сатып алуға дайын екенін айтты.

«Өз вакцинамыздың дамуы елдің абыройын асқақтатты. Қазақстан 6 мемлекеттің ішінде коронавирусқа қарсы өзінің отандық вакцинасын жасаған 5-ші ел болды. Бұл – үлкен жетістік. Ғалымдарға алғыс білдіргіміз келеді. Алда жұмыс көп, жұмысты бірге жалғастыру керек.

Қазір 43 мемлекет біздің вакцинаны сатып алуға дайын екендіктерін білдірді. Сана жағынан ол мүлде кем түспейді: бүгінде 86-дан 92%-ға дейін. Бұл жақсы нәтиже ғой. Бүгінгі күні мұндай деңгейде ешқандай вакцина мақтана алмайды», – деді Е.Тоғжанов.



«Жасыл» аймаққа ауысты

Қазақстан өңірлеріндегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша Түркістан облысы кеше «жасыл» аймаққа ауысты. Бәрімізге жұғысты болғай!

Ал қалғанымыз «қызыл» аймақтамыз: Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, Атырау, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Маңғыстау, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары.

«Сары» аймақта бірде-бір өңір жоқ.



ФЕЙК

Алаңдауға негіз жоқ

Кейбір әлеуметтік желілерді пайдаланушылар COVID-19-ға қарсы ревакциналаудан өтпеуге шақыруда.

Себебі, олардың пікірінше, бустерлік доза салғандардың барлығы «омикрон» штамын жұқтырады. Бұл мәлімдеме толығымен негізсіз және ғылыми мәліметтерге қайшы келеді, деп хабарлайды stopfake.kz.

COVID-19-ға қарсы ревакциналау, керісінше, «омикрон-нан» және індеттің ауыр ағымынан қорғайды. АҚШ ауруларды бақылау және алдын алу орталығының (CDC) зерттеуіне сүйенсек, «Pfizer-BioNtech» және «Moderna» вакциналарының бустерлік дозалары ковидке шалдыққан күнде де ауруханаға жатқызылмауға 90% кепілдік береді. Сондай-ақ, 82% жағдайда аурудың ауыр түрінің дамуына жол бермейді. CDC мәліметтері бойынша, 50 жастан асқан егілмеген адамдар үшін COVID-19 жұқтырған жағдайда ауруханаға жатқызу ықтималдығы вакциналанған және ревакциналанған адамдарға қарағанда 45 есе жоғары.

ЖАҢА ЕРЕЖЕ

Елімізде карантинді жеңілдету туралы жаңа қаулы қабылданды



тасымалдарды жүзеге асыратын объектілер үшін қонақүйлер, әуежайлар, теміржол, су және автовокзалдар, өзен және теңіз порттары, автостанциялар мен жолаушыларға қызмет көрсету пункттері; ХҚКО, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері, банктер; сүлулық салондары, СПА-орталықтар, жабық базарлар, асхана типіндегі қоғамдық тамақтану объектілері, мектепке дейінгі және қосымша білім беру ұйымдары үшін бейтарап «көк» мәртебесі болған жағдайда шектеусіз кіру сақталады.

Сауналардың, моншалардың, сауда алаңы 1000 шаршы метрге дейінгі сауда желілерінің (азық-түлік емес)

қызметіне шектеулер алынып тасталды, оларға кіру эпидемиологиялық тәуекел аймағына қарамастан барлық өңірлерде бейтарап «көк» мәртебесі бойынша болады.

Сондай-ақ, мейрамханалар мен дәмханалар, ересектер мен балаларға арналған ойын және ойын-сауық орындары (билырд, боулинг, театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар, цирктер, океанариум, компьютерлік және лотерея клубтары, букмекерлік кеңселер) типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілеріне келушілерде бейтарап «көк» мәртебесі болған кезде «жасыл» аймақта жеңілдіктер енгізілді. Бұдан басқа, олардың «сары» аймақта толтырылуы 50-ден 70 пайызға дейін, «қызыл» аймақта 30-дан 60 пайызға дейін ұлғайтылды. Объектінің толтырылуы оның жобалық қуатына байланысты анықталады.

Қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Бейжіңде өтетін XXIV қысқы Олимпиада ойындарына қатысатын барлық атлет спорт нысандарына тек QR код бойынша кіреді.



Олимпиадашылар QR-мен кіреді

«Олимпиадашылармен бірге Қытайға спорттық дәрігерлер де аттанды. Олар вирусты инфекцияға қарсы емдеу шараларын жүргізеді. Ойынға қатысушылар осыған дейін міндетті талаптарды сақтады.

Ол міндеттер ұшар алдында карантинге жату, күн сайын вирусқа тест тапсыру, геолокацияны бақылап отыратын мобилдік қосымшаны қолдану.

Қатысушылардың бәрі қатаң тәртіпті сақтады. Қытайдағы барлық олимпиадалық нысан QR код бойынша кіргізетін болады», – дейді ҰОК спорттық медицина және антидопинг департаментінің жетекшісі Лаура Укбенова.

XXIV қысқы Олимпиада 4–20 ақпан аралығында Бейжіңде өтеді. Оған Қазақстан құрамасынан барлығы 34 спортшы қатысады, олар 87 жолдама жеңіп алды.

Жаңа вакцина мақұлданды

Еуропалық одақ Pfizer компаниясы әзірлеген коронавирусқа қарсы жаңа вакцинаны мақұлдады. ЕО билігі ковид таблеткаларын қолдануға кеңес беріп отыр.



Pfizer компаниясы әзірлеген препарат Еуропалық дәрілік заттар агенттігінің (EMA) тіркеуінен өтті. EMA-да атап өткендей, бұл таблеткалар оттегін қажет етпейтін және аурудың асқынуды қауіпсіз және ересектерде COVID-19-ды емдеу үшін ұсынылады. Препараттың әрекет ету принципі оның белсенді

компоненті SARS-CoV-2 ақуызын тежейді және вирустың көбеюіне жол бермейді.

ЕО Денсаулық сақтау комиссары Стелла Кириакидес EMA ұсынысын құптады. Бұл таблеткалар КВИ салдарын жеңілдетуге нақты үлес қоса алатынын атап өтті.

ДЕРЕК

● ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің кешегі таратқан ақпаратына сүйенсек, Қазақстанда коронавирустан жазылған адам саны 1 млн. 32 мыңнан асты.

● 2022 жылғы 28 қаңтардағы мәлімет бойынша, Қазақстанда ковидке қарсы вакцинаның I компонентін – 9 166 291 адам, ал II компонентін 8 735 902 адам салдырды.

● Ashyq нысандары үшін жұмыс кестесіндегі шектеулер алынды. Енді «көк» мәртебесі бар азаматтар қонақүй, әуежай, теміржол, «Қазпочта» бөлімшелері, банктерге, мектепке дейінгі және қосымша білім беру ұйымдарына кіре алады.

● Вакцина паспорты ревакциналаудан кейін бір жылға жарамды болады. Ал екпенің үшінші дозасын өзге елден алғандар арнайы анықтама әкеліп, өз емханасына тапсыруы қажет.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ӘУЕСҚОЙ ӘЛЕМ

«САЗ БАЛШЫҚ КҮШТІ АНТИБАКТЕРИЯЛЫҚ ҚАСИЕТКЕ ИЕ»

Қолөнер шебері Әбдікәрім Нұрханмен сыр-сұхбат

Заман ілгерілеген сайын, күнделікті қолданысқа қажетті дүниелер де жаңашаланып келеді. Күнделікті күйбең тіршілікте өмірімізді жеңілдету мақсатында техникалық заттарды жиі қолданамыз. Алайда, осы уақытқа дейін адамзатпен бірге жасасып келе жатқан тұрмыстық бұйымдарды ұмытып, оларды алыс-жақын қонақтарымызға сыйлық ретінде ғана қолданамыз. Тіпті, жойылып кетуіне жол берудеміз. Осы ретте құмыра жасаумен айналысып келе жатқан жастардың бірі «Dala crafts» өнер орталығының директоры Әбдікәрім НҰРХАНМЕН қыш ыдыстар және оның пайдасы жайлы әңгімелескен едік.

АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

– Құмыра жасауда ешқандай да шектеу жоқ. Тіпті, 4 жасар жеткіншектер де бұл өнер түрімен айналыса алады. Тек қана сақтық шараларын қадағаласақ болғаны. Бізге келетіндердің басым көпшілігі балалар мен жасөспірімдер, кейде зейнеткерлер де келеді. Саз-балшықтан зат жасауды үйренгіңіз келсе, бір рет келіп көрсеңіз болады. Кейбір адамдар қызығушылық танытып, бір айлық сабаққа қатысып жатады. Олар бір айдың ішінде гончарлық өнер мен қол мүсінінің негіздерін үйреніп шығады. Біз қыш пен саз балшықтан заттар жасауды ғана емес, оны қалай күйдіру және бояу керектігін үйретеміз. Курс аяқталғаннан кейін олар жасаған заттарын өздерімен бірге алып кетеді, – дейді жас мүсінші.

Кез келген жерден сазды қазып алып, құмыра жасау үшін қолдана алмайсыз. Себебі, ол саздың ішін-

21 жасында жастармен бірге жеке бизнесін ашыпты. Оның айтуынша, өз ісін жақсы көріп істегендер жақсы нәтижеге қол жеткізеді.

«Жұмыстағы мамандардың барлығы өз ісінің кәсіби мамандары емес, оқыған мамандықтарымыз әртүрлі. Алайда, басымдығы қосып, өз ісімізді жүргізуге септігін тигізген – өнер. Жастардан құралған топ болғандықтан ба, бір-бірімізді түсінуде аса қиындық



дай да артық қоспалар қосылмайды, күйдіріледі, өңделеді. Осының арқасында ішкен ыдысымыз да таза, ыңғайлы болады. Қазіргі таңда қолдан жасаған бұ-

әсерін тигізуде. Әлеуметіміздегі жұмысымызды көргендер і күннің ішінде тамаша дүниелер жасап шығуға асығады, ойдағыдай шықпаса қолдарын бір сілтеп, басқа өнерге секіреді. Сол себептен де болар, құмыра жасаудың артықшылығын түсінбейді, – дейді мүсінші.

Құмыра әртүрлі техникамен жасалады. Ең басында саз балшықты гончарлық шеңберге ұстату үшін кішкентай ғана сазды шеңбердің ортасына қою керек. Одан кейін гончарлық шеңбердің ортасына сазды бар күшіңізді салып жапсырасыз. Саз балшық қатты жабысу керек. Жұмыс кезінде, гончарлық шеңбер айналған кезде



де тас, коқыс немесе шыны болуы мүмкін. Сондықтан егер қажеттілік туындаған жағдайда, арнайы елегішпен тазалап, пайдалануға болатындай қалыпқа келтіріп қолдануға болады.

– Біз жұмысымызға қажетті саз бен құмға Алматы облысына қарасты Қапшағай қаласына тапсырыс береміз. Өкінішке қарай, Қазақстанда арнайы бояулар шығарылмайтындықтан, көркем қышқа арналған бояулар мен ақ сазды Қытайдан арнайы тапсырыспен алдыртамыз. Бояулардың құрамында зиянды заттар жоқ. Біз құмыра және ыдыстарымызды пештен шығарған соң бояймыз. Содан кейін күйдіруге жібереміз. Дайын болған заттардан шай, су немесе тамақ ішуге болады, – дейді мүсінші.

Оның айтуынша, қандай да бір затты жасамас бұрын міндетті түрде дұрыс кептірілуіне ерекше мән беру керек.

– Жасаған дүниелерімізді пешке салып күйдіруге бір күн кетеді. Пеште негізінен саз балшықтан жасалған заттар 950 градуста күйдіріледі. Кез келген құмыра 12 сағатта сол градусты көтереді. Пештен шығарғаннан кейін арнайы бояумен бояймыз. Одан кейін тағы да пешке саламыз. Бірақ екінші күйдіру жоғарғы 1150 градустағы температурада болуы керек, – дейді ол. Нұрханның негізгі мамандығы IT саласына қатысты. Бірақ жастайынан өнерге жақын болғандықтан бұл салаға бейімделіп кеткендігін айтады. Жоғары білімі бола тұра өзінің қызыққан дүниесімен айналысуды жөн көрген Нұрхан небәрі

тудырмайды. Біздің мақсатымыз сонау ғасырлардан бері ата-бабамыз айналысып келе жатқан өнерді, алдымен жастарымызға таныту, үйрету болатын. Кейіннен жұмысымызға көпшілік қызығушылық тудыра бастаған соң, шетелдіктерге де танытуға бел байладық. Қазақы элитаны қалыптастырғымыз келсе, оны ұлттық құндылықтарымыздан таба аламыз. Қазақ үйіміз, жазық даламыз, қымыз-қымыранымыз, ұлттық бұйымдарымыздың барлығын элитаға айналдырумыз қажет», – дейді мүсінші жігіт.

Саз балшық күшті антибактериялық қасиетке ие. Оның құрамындағы радиаль элементі зиянды заттарды ыдыратуға көмектеседі. Өз кезегінде қыштан жасалған ыдыстарды қайта жаңғыртып, қайта пайдалану адам ағзасына пайдалы деседі ғалымдар.

– Алланың елшісі Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарымыздың өзі сонау бір замандарда қыш ыдыстардан тамақ ішкен деседі. Себебі, жоғарғыда атап өткенімдей, бұйымға ешқан-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мамандардың пікірінше, топырақтың баланың денсаулығына тигізетін пайдасы зор. Біріншіден, сазбалшықтың құрамында 60%-ға жуық кальций элементтері бар. Яғни сазды ұстаған кезде баланың алақаны арқылы организмге пайдалы дәрумендер тарайды. Оны қолмен илеу арқылы сүйек қатайды. Екіншіден, бала еңбекке үйреніп, шеберлігін шыңдайды. Туған жердің топырағымен баланың бойында елге, жерге деген ерекше сезім, құрмет қалыптасады. Сонымен қоса, балаларға балшық илету арқылы әр түрлі психо-физиологиялық аурулардың алдын алуға болады. Мәселен, көз, құлақ, мұрын сынды көру, есту, сезу мүшелерінің қабілетін жақсартуға болады.

ыдыстарды қойдық. Тың туынды көпшілігіне ұнап, бізге оң баталарын берген болатын, – дейді Әбдікәрім Нұрхан.

Сырт көзге құмыра жасау оңай көрінгенмен, қиындықтары да жетіп-артылады. Қыш өнері шыдамдылық пен ыждағаттылықты қажет етеді. Сондай-ақ, қолдың икемдігі де қажет. Құмыра қаншалықты үлкен болса, соншалық уақыт жұмсайсыз.

– Бүгінгі қоғамның маған ұнамайтын қырларының бірі – барлық заттарға жеңіл қарауымыз. Көп нәрсені тез бола қойғанын қалаймыз. Қазіргі тілмен айтқанда, трендте жүруге, танымал болуға қызығамыз. Алайда, бізге дейінгі заманды саралап-сабақтасақ, ол кездердегі адамдардың білімге, өнерге, ұқыптылыққа деген қызығушылығын көреміз. Бұны неге айтып жатырсыз десеніз, бұл ұшқалық біздің де жұмысымызға кері

дұрыс шықпайды. Саз балшық ортаңғы дәлдікте орнатылмаса, орнынан қозғалып шеңберден жылжып кетеді. Сондықтан айналмалы шеңберде құмыраның пішінін жасап, ол белгілі бір қалыпқа келгенде жылы жерде кептіреді. Оның беріктігін қалыптастыру үшін біраз уақыт пеште ұстаған абзал.

– Гончарлық өнердегі ең маңыздысы – шеңбердің орталық бөлігі. Одан кейін балшықпен конус жасаймыз. Құмыра жасау барысында үнемі суды қолданып отыруыңыз керек. Саз құрғап кетпеуі қажет. Гончарлық шеңбер айналған сайын бір қалыпты деңгейде айналдырып, екінші қолыңызбен қалпын сақтап отырыңыз. Құмыра дайын болғанда шеңберді тоқтатып, дайын затты кесіп аласыз. Одан кейін өзіңізге қажетті үлгіде тегістеп сәндеуіңізге болады. Гончарлық шеңбер оңқайлар мен солақайлар үшін арнайы бөлінеді. Ерте кезде гончарлық шеңберді аяқпен итеріп пайдаланған. Қазір жаңа үлгідегі шеңбердің түрлері көп, – дейді мүсінші.


Орталықта қыш өнері, сурет салу, ислам каллиграфиясы, құм терапиясы бар. Ислам каллиграфиясы да Қазақстанға әлі келе қоймаған сала екен, санаулы ғана адам жүр. Құм терапиясына үлкен-кіші демей келіп жатыр. Мұнымен айналысқан адамның миында жаңа нейрон жасушалары пайда болады екен. Орталық жойылып бара жатқан, «Қызыл кітапта» жүрген өнер түрлерінің орталығы десек, артық айтпағанымыз болар.



ЖАҢА КІТАП

Адами қасиеттер айнасы

Қазақ баспасөзінде айрықша қолтаңбасы бар белгілі публицист Сәкен Сыбанбай кейінгі жылдары әдебиет жанрында да қалам тартып, оқырманын сүбелі дүниелерімен қуантып жүр.



Соның бір айғағы – қаламгердің жуырда жарық көрген «Ғаламтордағы махаббат» атты прозалық жинағы. Әңгімелер мен хикаяттар топтасқан бұл жинақта адам жанының терең қатпарларына үңілуге жетелейтін сан алуан тақырып қамтылған. Адами асыл қасиеттер мен адамзатқа ортақ құндылықтар арқау етілген «Сен қандай тәтті едің, өмір!», «Мұңлық», «Дискриминация», «Үміт үйі», «Бақытты адам», «Бесінші палата» сияқты сюжеті тартымды, тілі шұрайлы басқа да шығармалар

шынайылығымен, сыршылдығымен ерекшеленеді. Қаламгердің уақыт демін сезіне білетін және соған сай әрекет ететін кейіпкерлері табиғилығымен, жандүниесінің тазалығымен баурайды.

Тілінен ойнақылық, тінінен ой қырағылығы байқалып тұратын тұшымды дүниелер топтастырылған бұл туынды оқырман қауымды бей-жай қалдырмасы анық.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖАҢА ӘН

Отандастарға арналды



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Рая
ЕСКЕНДІР

Танымал композитор Ренат Гайсин қаңтардағы қантөгісте мерт болып, қаза тапқан қазақстандықтарға арнап ән жазды.

Музыкант өзінің «Періштелер» деп аталатын әнінің шығу тарихы туралы бы-

лай дейді: «Көз жасым әнге айналды. Содан кейін Мәлік Хасенов пен Алексей Маклайға болған оқиғаны жеткізетін бір ән жазу керегін жеткіздім. Ол әнге Дәуіт Шайхисламов пен Дана Орманбаева бейнеклип түсіруге ұсыныс білдірді. Алдымен әнді Динаямен бірге орындап көрдік. Бірақ әнді қайта-қайта үзіп, жиі тоқтата тұруға тура келді. Өйткені, бұл әнді орындау өте қиын болды. Шын мәнінде, бұл – бүкіл халқымыздың қасіреті, қайғысы», – деді Гайсин.

Клип продюсері шығармашылық топтың бірлескен жұмысы қайтыс болған отандастарды еске алуға арналғанын айтты.

ҚҰНДЫЛЫҚ

«Кодавари» – жапон даналығы

Бір түйір темір өндірімесе де көлік жасаудан алдына жан салмайтын Жапония әлемге экономикалық қуатымен ғана емес, ҰЛТТЫҚ құндылықтарымен де үлгі болып отыр.



мысалы. Сауда орталығында 1 мангоның бағасы 100 АҚШ долларына, 1 қауынның бағасы 200 АҚШ долларына дейін барады. Себебі, бұл өнімдердің әр түйірі жеке күтіммен өсірілген.

«Кодавари» ұғымының тағы бір сыры – өзіне өмірлік құндылықтар бекітіп, оны мінсіз орындау. Жапон халқының еңбекқор әрі талапшыл болуының сыры да осы ұғыммен сабақтас.



Досбол
АТАЖАН

Күншығыс елі халық даналығын күнделікті өмір принциптеріне айналдырған. Сондай ұғымдардың бірі – «Кодавари». Бұл философияның мәні – ең кішіден бастап, мінсіздікке дейін жету. Яғни қандай іс болсын оған немқұрайды қарамай, бар ынтамен кірісу. Токиода орналасқан «Семби-кия» дүкені – кодавари ұғымының күнделікті өмірде қолданылуының жарқын

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

Мұражайды алыстан аралаңыз

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР МӨМ өз жұмысын жалғастыру мақсатында алматылықтарды виртуалды экспозициялармен онлайн-режимде таныстыруды қолға алған.



«Виртуалды экскурсия», бұл – өнер әлемін шексіз сүйетін, уақытша шектеулерге қарамастан мұражай коллекцияларын тамашалағанды ұнататын жандарға арналған жоба. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жоба экскурсиялардың тұрақты циклін қамтыған. Яғни сізге виртуалды экскурсия арқылы коллекцияның жекелеген экспонаттарымен, сондай-ақ, тұрақты экспозициялар бойынша онлайн-серуендер жасауға және мұражайдың

қазіргі көрмелерімен танысуға болады. Барлық ақпарат мұражайдың Facebook және YouTube арнасындағы парақшаларда тұр. Сіз, тіпті қазір-ақ мұражайдың гид-саяхатшысымен бірге көркем сурет залдарын аралап, отандық суретшілердің шығармашылығымен таныссаңыз болады. Оған қоса, белгілі өнертанушылардың дәрісін тыңдауға мүмкіндігіңіз бар.

Мекенжайы: <https://www.facebook.com/gmi.rk/>

Ертегі әлеміне саяхат

Н.Сац атындағы жасөспірімдер мен балалар театры да карантин уақытында өзінің жас көрермендерімен байланыста болғанды жөн санап отыр.



– Құрметті достар, біз сіздерді әлемдік театр өнерінің дамуына сүбелі үлес қосқан танымал тұлғалармен таныстыруды жалғастырамыз. Бұл жолы сіздер режиссер, педагог, жазушы, драматург және театрдың реформаторы Владимир Данченко жайында білетін боласыздар.

XX ғасырды режиссура ғасыры деп нық сеніммен айтуға болады. Өйткені, осындай мықты режиссерлердің ықпалымен театр және кино индустриясы дамыды. Осылай-

ша өткен ғасыр режиссура өнерін керемет есімдермен толықтырды, – дейді ұйымдастырушылар.

Театрдың «Үй маусымы» айдарында актерлер сіздерге ертегілер оқып береді. Шығармаларды Александра Качанова, Александр Шитов, Артем Селезнев, Виктор Никитин, Мирболат Берниязов секілді өнерпаздар орындайды.

Мекенжайы: <https://youtu.be/igTrtydkTIA>

Ерекше серуен

Алматының Бас ботаникалық бағында жаңа жоба іске қосылды. Ол – «Армандау уақыты» деп аталатын серуен-спектакль.



Бұл жай экскурсия емес, иммерсивті аудио-спектакль-серуендеу. Сіз құлаққапты киіп, естілген дауыс бойынша жүріп отырсыз. Әлбетте, бұл аталмыш бақтағы қызықтар жайында айтатын аудиогид емес. Бұл құлды бір отбасылық спектакль іспетті. Онда сіз тек қана тыңдап немесе бақылап қана қоймай, 60 минутқа созылатын ертегі әлеміне бірге сніп, қойылымның басты кейіпкеріне айналасыз. Яғни бұл ботаникалық бақты алаңсыз аралап,

танымдық қызығушылықты арттыратын серуен. Ең бастысы, бұл серуен таза ауада, табиғат аясында өтеді.

– Дауысты тыңдай жүріп, сіз бақты бұрынғыдан да жақынырақ тани түссіз және ғажайыптарға көбірек сене бастайсыз, – дейді жобаны ұйымдастырушылар.

Өтетін уақыты мен күні: 29-30 қаңтар, сағат 14.00-де және 16.00.

Мекенжайы: Бас ботаникалық бақ (Тимирязев көшесі жағынан кіреді).

Баум бағына келіңіз!

Денсаулық саласының мамандары иммунитетті арттыру үшін салауатты өмір салтын ұстанып, таза ауада белсенді серуендеудің маңызы зор дейді.

Мұндай серуенге Баум тоғайы таптырмайтын мекен. Спортпен белсенді түрде айналысатын тұрғындар бұл жерді түрлі эстафеталар мен күнделікті жүгіру үшін бекер таңдап отырған жоқ. Себебі, онда жүгіруге, велосипед тебуге, сондай-ақ, түрлі спорттық жаттығулар жасауы-

ңызға мүмкіндік көп. Баум тоғайы Алматы қаласының Түркісіб ауданының аумағында, Сейфуллин даңғылы мен Сүйінбай даңғылдарының ортасында орналасқан. Аумағы 139 гектар жерді алып жатқан табиғи саябақтың сан ғасырлық тарихы бар. Бұл жерді алматылықтардың барлығы жақсы біледі. Ендеше, үйде телефон шұқылап бос уақыт өткізгенше белсенді дене қимылымен шұғылданыңыз. Баум бағында серуендеңіз!

Орналасқан жері: Сүйінбай даңғылынан Сейфуллин даңғылына дейінгі аралық, Рысқұлов даңғылының төмен жағы.



Отанға деген сүйіспеншілік

Бұрынғы және жаңа отандық фильмдерді сіз енді интернеттен де көре аласыз. Солардың бірі «Қазақфильм» киностудиясы түсірген «Композитор» туындысы.

Көркем лента қытай композиторы Си Синхайдың Совет Одағына, оның ішінде Алматыға эвакуацияланған кезі мен қазақтың композиторы Бакытжан Байқадамовпен достығы туралы баяндайды.

Си Синхай қысқа ғұмырында 500-ден астам тамаша әуендер жазған, сондай-ақ ол 10-ға жуық кинофильмдер музыкасының авторы. Алматыда өткізген жылдары ол «Ұлт азаттығы» симфониясын жазған. Азаттық пен Отанға деген адалдықты

жырлап, зорлық-зомбылық пен соғысқа қарсы бағытталған Си Синхайдың шығармаларынан Отанға деген махаббатын аңғаруға болады.

Кинотуындыны мына сілтеме арқылы көруге болады: https://www.youtube.com/watch?v=P2bBh1dals&ab_channel=SALEMLIVE

Әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ТЕННИС

ДАНИЛИНА —
жартылай финалда

Қазақстандық теннисші Анна Данилина бразилиялық әріптесі Беатрис Хаддад Майямен бірге «Australian open-2022» турнирінің жартылай финалына шықты.

Анна ширек финалдағы қарсыластары Ребекка Петерсон (Швеция) мен Анастасия Потапованы (Ресей) 4:6, 7:5, 6:3 есебімен жеңді. Енді екі теннисші де алғаш рет Австралия Чемпионатының жартылай финалында өнер көрсетеді.

Айта кеткен жөн, «Australian open-2022» – Үлкен дулыға кіретін теннис-тегі ең беделді турнирлердің бірі. Алдағы сайыста спортшымызға сәттілік тілейік!

АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

БЕКЗАТ
ЕРЛЕДІ

Абу-Дабиде өтіп жатқан аралас жекпе-жектен әлем чемпионатының жартылай финалында Бекзат Жасия мерзімінен бұрын жеңіске жетті.



Бұл туралы Қазақстанның біріккен ММА федерациясы хабарлады. Қазақ спортшысы әлем чемпионатының екі дүркін қола жүлдегері швед Даниял Шамхаловты нокаутқа түсірді. Спортшылар 65,8 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде финалға шығу үшін күш сынасты.

Жасия қарсыласын ұрып құлатып, соққының астына алды. Шамхаловтың есеңгіреп қалғанын көрген төреші жекпе-жекті мерзімінен бұрын тоқтатуға мәжбүр болды.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

ДЗЮДОМЕН ДЕ
машықтанған

Әлем футболының тарихында жақұттай жарқырап өнер көрсеткен ала доп шеберлері аз болмаған. Соның бірегей Франциялық үздік футболшы – Зинеддин Зидан. Даңқты спорт жұлдызы жайында 5 қызықты мәліметті назарларыңызға ұсынамыз.



- 1986 жылы бала Зидан өз мансабын ерте бастайды. Жергілікті жарыстардың бірінде көзге түседі. Осылайша 14 жасында «Канн» клубымен келісім-шарт жасайды. Сөйтіп, ең жас жартылай қорғаушы атанады.
- Зидан футболдан бөлек дзюдомен де машықтанды. Тек айналысып қана қоймай, жасыл белдік иесі атанды. Сонымен қатар, өте мығым – модельдік сымбатты денеге ие.
- Зизу «Алтын» допты алған тұңғыш мұсылман ретінде тарихта аты алтын әріппен қалды. Сондай-ақ, үш рет әлемнің 1998, 2000, 2003, бір мәрте

Еуропаның үздік футболшысы 2000 атанды.

- Бір қызығы, Зинединдер әулеті түгел ала допты жандарына серік еткен. Оның 4 ұлы бар және төртеуі де футболшы: Энцо (1995), жартылай қорғаушы, Луко (1998), қақпашы, Тео (2002), шабуылшы, Элиас Зидан (2005).
- Дүниежүзілік футбол тарихында 40 метрден гол соққан бірден-бір фаворитке айналды. Күні бүгінге дейін аталған рекордтың жалғыз иесі – өзі болуда.

Қабылан жүрек, өр мінезді футболшы жайлы дерекке сіз не қосқан болар едіңіз?

БЕЙЖІҢ–2022

ОЛИМПИАДАШЫЛАР
аман-есен жетті

Ұлттық Олимпиадалық комитет дерегінше, қазақстандық олимпиадашылар Бейжіңге ұшып барды.

Атлеттер қажетті тексеруден өтіп, ПТР сынағын тапсырып, олимпиадалық ауылға орналасты. Дәлірек айтсақ, отандық спортшылар арнайы чартерлік рейспен 27-інші қаңтар күні Бейжіңге бет алған болатын. Алғашқы рейспен конькимен жүгіру, фристайл-могул, шорт-трек, тау шаңғысы, шаңғымен тұғырдан секіру және шаңғы коссайысынан құрамалары аттанды.

Бейжіңдегі олимпиада ауылдары әлемдік доданың басталуына 1 апта қалғанда алғашқы қонақтарды қабылдай бастады. Ең алғашқы болып Канада, АҚШ, Австралия елдердің делегациялары барды. Олимпиада ауылдары жарыс өтетін жерге спортшылардың жетуі қолайлы болуы үшін Бейжің, Чжанцзякоу және Яньцин аудандарында бөлді. Ауыл аумағында фитнес орталықтары, пошта бөлімшелері, банктер, асханалар, ойын-сауық орындары, дүкендер және медициналық пункттер бар. Жалпы, олимпиада уақытында 20-ға жуық тұрғын үй жұмыс істейтін болады.

КЕРЕК КЕҢЕС

ЖҮГІРУ —
сергектік кепілі

Ғалымдар таңғы жүгірудің «адам дене тәрбиесіне» өте пайдалы екендігін айтуда.

Алматы – спортпен шұғылданушылар жағынан өзге аймақтардан кем түспейді. Таңертеңмен Хамит Ерғали жағалауына барсаңыз, әрлі-берлі жүгіргендерді көресіз. Америкалық ғалымдар таңғы жаттығудың адам ағзасына өте пайдалы екендігін айтуда. Мәселенки, таң бозымен жүгіру, жаттығу жасау, секірудің артықшылықтарын ұсынамыз:

- Таза саф ауа көкірек тынысын ашады;
- Бойыңыздағы қан алмасу жүйелі жүреді;
- Сергектік қуаты пайда болады;
- Стресс, шаршау, маужыраудан алыс боласыз.



Халқымыз «шынықсаң, шымыр боларсың» депті. Сондықтан таңғы жүгіру мен жаяу жүрудің пайдасы мол демекпіз.

ҮЙІРМЕ

Былғары қолғапты
БАЛАЛАР

Қазір спортпен айналысып, салауатты өмір салтын ұстануға барлық мүмкіндік жасалған.

Бұл ретте Мемлекет басшысының тапсырмасымен ашылып жатқан тегін үйірмелердің жұмысына ерекше тоқталып өтуге болады. Мәселен, қаламыздағы Оқушылар сарайының бокс үйірмесіне қызығушылық танытып, қатысқысы келетін балалар өте көп. Олар қазірден бастап бокстың қыры мен сырын жетік меңгеріп, атакты спортшы болғылары келеді. Қазір мұнда белгілі спорт шеберлері мен бапкерлер қызмет етіп жатыр. Жақында бокстан өткен спорт бәсекесінде Оқушылар сарайының жас боксшылары бірінші орынды, екінші орынды «МұзТау» бокс клубы, үшінші орынды «Салаудин» бокс клубы иеленді.



Бетті дайындағандар Олжас ЖОЛДЫБАЙ, Досбол АТАЖАН.



БАЛА – БОЛАШАҚ

Уақыт өткен сайын ой-өрісі жоғары, білімді, заманға сай ұрпақ тәрбиелеу мемлекетіміздің аса маңызды міндеттерінің бірі екені айқындала түсуде. Зерделі де зерек, жан-жақты дамыған ұрпаққа күні ертең мемлекеттің де сенім арттары анық. Сондықтан қазіргі таңда ұлтжанды, білімді ұрпақ қалыптастырудың алғышарттары жүзеге аса бастады.



Рая
ЕСКЕНДІР

Ал сол ұрпақтың бойына сіңетін алғашқы дәнді алдымен отбасы, сосын мектепке дейінгі мекеме қалыптастырады. Өкініштісі сол, қазіргі кезде көп жағдайда отбасында берілуге тиіс тәрбиені ата-аналар білім беру мекемелерінен талап етіп жатады. Оның үстіне, баланың денсаулығы мен дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Сондықтан ғалымдарымыз баланың жан-жақты, ойы мен бойының дамуы үшін әсіресе, ұлттық ойындардың алар орны ерекше екенін айтады. Өйткені, ұлттық ойындардың өзі ең алдымен тәрбие құралы болса, әрі түрлі жаттығулардан тұратын спорттық ойын түріне де жақындағы бар.

Ұлттық ойындардың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуде пайдасының зор екенін мамандардың зерттеулері де нақтылай түсуде. Мәселен, ұлттық ойындардың бала өміріндегі орны туралы кезінде В.А.Сухомлинский «Ойын – дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жастық шақ өмірімен ұштастырып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады» деген екен.

Жалпы, ойынға қанып өскен баланың ойлы, ұшқыр қиялды, денсаулығының мықты, сергек, сезімтал болып өсуі де тегін болмаса керек. Оның үстіне, ұлттық ойын түрлері көбіне әр ұлттың өзіндік табиғатына жақын болып келеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды «Ақ сандық», «Алтын сақа», «Көкпар», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек – Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық – Көк сандық» сынды ойындарды ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйретуге болады.

Ойын ойнау – мектеп жасына дейінгі



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

балалардың негізгі іс-әрекеті деп айтуға болады. Ойын баламен бірге өмір сүреді. Өйткені, баланың өмірін қозғалыссыз елестете алмайсыз. Сондықтан ұлттық ойындарды ойнату арқылы балалардың қозғалу белсенділігінің дамуы артып, олардың денсаулығының күшеюі үшін қолайлы жағдай туады. Ойын – бала өмірінің нәрі деп текке айтылмаса керек.

Қазақтың «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтуы тегін емес. Ойын бала өмірінде ерекше орын алады. Жас балалардың өмірді тануы, еңбекке деген қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын ойнау арқылы қалыптасады. Демек, ойындарды көп ойнап, жүгіріп, таза ауада жүру жас организмнің дұрыс та сергек өсуінің негізгі көзі.

Ұлттық ойындар

бала өмірінің нәріне айналса игі

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Фарида ОМАРБЕКОВА,
№187 балабақша меңгерушісі:

– Ұлттық ойындар – ата-бабамыздан бізге жеткен, баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан ұлттық ойындарды күнделікті оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың заманға сай ұрпақ тәрбиелеуге тигізер пайдасы зор екендігі сөзсіз. Кезінде фольклортанушы ғалым Ә.Дивасев өзінің «Қазақ балаларының ойындары» деген еңбегінде балаларды жас ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөледі. Сосын осы негізде ұлттық ойындарды жас ерекшеліктеріне қарай бөліп қарастырған.

Мәселен, «Асық ойыны» негізінен, ер балаларға тән. Асық ойнау үшін керекті құралдың ең негізгісі – сақа. Әдетте оны үлкен оңқай асықтан шіге жағынан қорғасын құйып ауырлатып, тәйке жақ табанын, шіге жақ бетін тегістеп, оң қолға ұстап асық атуға ыңғайлап жасайды. Асық ойынын жазды күні тақыр жерде ойнайды. Бір-біріне қарсы екі бала не бірнеше бала екі топқа бөлініп ойнаулары мүмкін.

Ең бастысы, ойын да, оның құралы да зиянсыз табиғи зат болып табылады. Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған осынау асық ойындарының түрлері өте көп. Олардың барлығы да баланың денсаулығын жақсартып қана қоймай, түрлі танымдық қабілеттерін дамытады. Сол себепті де, асықты адамды жан-жақты дамыту құралы деп атап жүрміз.

Тілеулес САБЫРОВА,
№170 бөбекжай-балабақша меңгерушісі:

– Негізінен, ұлттық ойындар әр халықтың ұлттық болмысына, әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, мүмкіншіліктеріне байланысты қалыптасқан. Мәселен, қазақ халқының ұлттық ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Оның басты себебі – мал шаруашылығымен айналысқандықтан ұлттық ойындардың дені осыған икемделеді. Ұлттық ойын түрлері көбіне халқымыз он саулық деп дәріптеген қойдың асығымен байланысты болып келеді. Асық ойнау баланың жүйке жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелейді. Мұндай қасиеті болмаса, адамда төзімділік те, шыдамдылық та болмас еді. Тіпті, ұлттық ойындардың еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін ойнайтын түрлері де болған. Біз солардың ел есінде сақталған үлгілерін келтіріп отырмыз.

БАЛАБАҚША

Құрылыс қарқынды



Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Алматыда соңғы 30 жыл ішінде 300-ге жуық мектепке дейінгі мекеме ашылды.

Қазір қалада құрылысы қарқынды жүріп жатқан бірнеше балабақша бар. Олардың алды былтырғы жылы пайдаланылуға беріліп, 360 орынды үш мемлекеттік балабақшаның құрылысы аяқталды. Дәл қазіргі уақытта қаламыздағы 1 жас пен 6 жас аралығындағы балақайлардың 64,2 пайызы, 3 жас пен 6 жастағы бүлдіршіндердің 90,6 пайызы мектепке дейінгі тәрбиемен толық қамтылды. Мұның өзі бұл бағытта жасалып жатқан жұмыстардың жақсарғанын көрсетсе керек. Дегенмен, балабақшадағы орын мәселесін толығымен шешілді деп айтуға әлі де ерте. Өйткені, демографияның өсуі бар. Сондықтан балабақшадағы орын тапшылығы

қарапайым өмір дағдысының бірі сияқты қалыпты жағдайда қала беретін болады. Оған дәлел ретінде әлі де 1 жас пен 6 жасқа дейінгі 41 мыңнан астам баланың орын күтіп отырғанын айтуға болады. Қала басшылығы осы мәселелерді шешудің бірнеше тетігін қарастырып отыр. Мәселен, ағымдағы жылы 4658 орынды 72 жекеменшік мектепке дейінгі мекемесі ашылып, 67 жекеменшік балабақшаға мемлекеттік тапсырыспен 4378 бала орналастырылды. Бұған қоса, тағы да 250 орынды 5 жекеменшік мектепке дейінгі мекеме ашылуға тиіс. Осылайша жекеменшік балабақшалар есебінен мемлекеттік тапсырыс арқылы бүлдіршіндерді орынмен қамту көлемі ұлғайтыла бермек.

Қазірге дейін 519 жекеменшік мектепке дейінгі мекемеге осы тәсілмен 30 460 бала орналастырылды. Наурызбай ауданындағы «Ақжар», «Таусамалында» және Бостандық ауданында жаңа мемлекеттік балабақшалар ашылса, Түркісіб ауданында жаңа балабақша құрылысының да аяқталар уақыты жақын.

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІ



Естен кетпес балдәурен



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Балалық шақ әркімнің есінде әртүрлі қалады. Менің балалық шағым ерекше өтті.

Біз бала күнімізде Сыр бойында малшы ауылда тұрдық. Бар-жоғы екі қоржын там. Үйдің арты мұнар-мұнар құм. Айнала ну тоғай. Құдды джунгли аралы деуге болады. Көрші үйде жезде атам мен апам 8 бала-шағасымен тіршілік кешті. Нақтырақ айтқанда, атамның жалғыз қарындасы болатын. Көп сөйлемейтін, мейірбан, ісмер еді. Екі қарындасым және мен ата-анамыздың көзін ала бере көрші үйге тарта жөнелетін едік. Дәл

түскі астың немесе төрттің шәйінің үстіне барып қала беретінбіз. Олар (Әсия апамнан басқасы) «Үш мушкетер» келді деп қағытатын. Әрдайым қымызы, құрты, ірімшігі дәмді болатын. Ал қазан жаппасын айтсаңызшы, тіл үйіреді ғой. Өзі жастайынан бейнетпен өскен екен. Осының бәрі он саусағынан өнер тамған шебер болуына әсер етті ме деп ойлаймын. Біз мектеп жасына жетіп, Шилеге көштік. Апамдар Мешеуілде біразға дейін тұрды. Бала-шағалары оқуға түсіп, енді бірі отау құрды. Ал апам мен жездем дүние салғалы 8 жылға жуықтады.

Жақында туған жеріме ат басын бұрдым. Екі үй, қора-қопсы түгел қираған. Биік мұнар құмдар азайған. Экспедиция барып, жерінің астынан уран өндіріліп жатыр екен. Естен кетпес балдәуренді аңсаймыз, сағынамыз.





ӨМІРДІҢ ӨЗІ

«Мақта қыз» едім, тігінші атандым»



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Рая
ЕСКЕНДІР

Осыдан біраз уақыт бұрын Сандуғаш есімді әйелмен таныстым. Ешкімде кездесе бермейтін әдемі камзол киген, қимылы да жылдам, сөзге де шешен екен.

Отырыстың гүліне айналып, әңгімесімен елді ұйытып тастады. Ашық-жарқын, түрінен өмірге ризашылық, отбасына деген жылылықты айқын сезінуге болады. Өзінің айтуынша, қолынан келмейтіні жоқ көрінеді. Үйге қажетті ұсақ-түйектен бастап, перде, көрпе мен жастықтың тысы, төрге төсейтін көрпеше дейсіз бе, бәрін өзі тігіп, өзі пішіп дайын тауарын сатылымға шығарады екен.

Сонымен не керек, әлгі ісмер келіншекпен жете танысып, тапсырыс бермекке бел будым. Алдымен ісмердің өнімін көруге Кемертоған ауылын бетке алдық. Ауладан ішке бас сұққанымызда үй емес, жайма базарға кіріп кеткендей әсерде болдым. Бұл бұйымдар Сандуғаштың қолынан шыққан өнімдер екен. Аула төріне кілең пұлыш пен патсайыдан тігілген көрпелерді жайып тастаған. Екі-үш әйел әлгі көрпелерді аударыстырып, айнала қарап жүр.

Байқағаным, бұл кісілер қыздарын ұзатып, жасауының даярлығымен жүрсе керек. Дайын болған дүниелері көңілдерінен шыққан соң, ісмер келіншекті мақтай жөнелді. «Базарда көрпеден көп неме жоқ. Ішіне не салғанын кім көрген? Таза мақта ма, ескісі ме, кім білсін?», – деп қояды. Содан соң қызыл-жасыл көрпелерді көлікке тиіп әкетті.

– Қыздың жасауын жасау оңай емес. Өйткені, ұзатылған қыздың анасының орнына төсек-орнын тігіп,

отырған соң, оның жауапкершілігі де, сауабы да зор болады. Әйел-аналардың барлығы бірдей көрпе-төсек тіге бермейді ғой, – деген Сандуғаш бізді үйге бастады. Екі бөлмелі үйдің іші көрпе-төсекке толы екен. Әр жерде түрлі-түсті маталар мен буып-түйіп тастаған түйіншектер. Енді бір бұрышта теңімен мақта тұр. Екі-үш тігін мәшинесіне көзім түсті. Қызу іске кіріскен келіншектердің бұрылуға да мұршалары жоқ.

Сандуғаштың айтуынша, бір кезде осы қалаға алыстан оқу іздеп келіп, жолы болмаған соң, Алматы мақта-мата комбинатына жұмысқа тұрды. Жұмысшыларға арналған жатақханаға орналасады. Алдымен тоқыма цехындағы мақта машинасының операторына көмекші болып, көп ұзамай тігін цехынан бір-ақ шығады. Жас қызға үш ауысымдағы жұмысты істеу оңайға соқпайды. «Кірпігіме дейін мақта басып кететін. Содан кейін қасымдағы кісілер мені «Мақта қыз» деп атап кеткен еді» дейді.

Көп ұзамай Кеңес Одағына кеңінен танымал комбинаттың үздік жұмысшысы ретінде Мәскеу түбіндегі Иваново қаласындағы Тоқыма-тігін институтына жолдама алады. Оқуын сырттай оқып, жұмыстан да қол үзбейді. Өмірлік жолдасын да осы мекемеден жолықтырып, нағыз бақытты шақты бастан кешеді.

Сандуғаштың айтуынша, бұл мекемедегілердің көбі қыз-келіншек болған соң, көп нәрсе үйренген. «Өсірсе, үй тіршілігіне әбден бейімделдім. Ол кезде қазіргідей киімнің түрі де көп емес. Бар болсада қара базарда, алыпсатарлардың қолында. Содан қолым қалт еткенде, сән үлгісіне қарап, көйлек, белдемше, шалбар-шортыға дейін тіге бастадым. Қасымдағы қыз-келіншектер маған тапсырыс беретін. Басында тегін, кейін ақысын ала бастадым. Тіпті,

қыздар маған ауылдағы апарларына, бауырларына дейін киім-кешек тіккізе бастады. Қазір сол кезде отбасы мен ауыр жұмысты қалай қатар алып жүргеніме қайран қаламын. Жас болған соң ба, аз ғана көз шырымын алып, жүре беремін. Үш баланы дүниеге әкелдім. Сөйте жүріп, мата шығаратын цехтың аға шеберіне дейін көтерілдім. Отбасылыларға арналған жатақханадан екі бөлме тиді. Екеуміздің де айлығымыз жоғары болды. Әрі ол кездерде баға деген тұрақты еді ғой», – дейді келіншек. Осы кезде алмағайып заман басталып, алып мекеме жабылып қалады. Бос қалған ғимарат жекеменшікке өтіп кетеді де, ақшасы барлар цехта қалып қойған тігін станоктарын сатып ала бастайды.

– Кәсіпорын жабылған соң, күйеуім базарда жүк тасуды бастады. Мен шағын цехқа тігінші болып, жұмысқа тұрдым. Көрпелерді тігетін мен жамылғылар тігіп, өткізе бастадым. Ол кезде, 90-жылдары ешкімде артық ақша жоқ, жұрт тамағын асырауға ғана күш салатын. Біздің тіккен өнімдеріміз өтпей қоймада айлап жатып қалған да кездер болды. Сонымен не керек, көрген қиындықтың бәрі бір күнгідей болмай өтті ғой, – деп әңгімесін одан әрі сабақтады.

– Жатақханадағы бір бөлмемізді жекешелендіріп, кейін сатып жібердік те, қаланың төңірегінде ескі үй алдық. Мен базарға шығып, ыстық бөліш пен шәй сата бастадым. Тапқанымыз күнделікті тамағымызға жететін. Күйеуім бірде «ақыры ауылға кетпейміз, одан да үй салсақ қайтеді?» дегені. Алғашында «мың-мыңдап ақша тауып жатқан адам құсап» деп, жатып кеп ашуландым. Ақыры, «көз қорқақ, қол батыр» деген, есік алдына екі бөлмелі кішкентай сарай салып алдық. «Өз үйім, кең сарайдай боз үйім» деген, қазіргі тігін цехым сол кезде салған осы үй ғой, – дейді Сандуғаш.

Қиындықты жеңе білген ерлі-зайыптылардың қазір қос қабатты үйі, соңғы шыққан «жылы жаңа» көлігі бар. Үлкен ұлы үйленіп бөлек тұрса, қызын ұзатып, құда атаныпты. Кенже қызы тіс дәрігері, жеке клиникасын ашып алған. Сандуғаштың бір сәтке де қолы бос емес. Байқаймын, ұялы телефонына маза жоқ. Тапсырыс қабылдап, қалың дәптеріне бірденелер жазды да жатты...

ЖОБА



Дауды сотсыз шешу – үлкен мәдениет

Динара
МҰРАТ

Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының базасында «Дәнекер» жобасын іске асыру аясында Алматы қалалық Ардагерлер кеңесімен тығыз қарым-қатынас орнатуға арналған «Дөңгелек үстел» онлайн-режимде өтті.

Шараны Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Құсайынұлы Бижанов ашып, құқықтық мәдениет пен төзімділікке, яғни толеранттылыққа тәрбиелеудің маңыздылығын атап өтті.

Осыдан кейін Алматы қалалық сотының төрағасы Асқар Смайылов өзінің құттықтау сөзінде тұрақтылықты нығайтуға және қоғамдық қатынастардың мәдениетін арттыруға бағытталған мәселелерде өзара іс-қимыл жасау қажеттігіне жан-жақты тоқталды. Ардагерлер өздерінің күнделікті кәсіби тәжірибесінің арқасында, даналығы мен ең күрделі мәселелерді шеше білуімен, адамдармен тіл табыса білуімен бүгінгі таңда ерекше сұранысқа ие және қоғамдағы толеранттылық пен төзімділікті тәрбиелеу ісінде пайдалы болуы мүмкін. Олардың татуласу процестеріндегі, соның ішінде аудандық соттарда әртүрлі тұрмыстық және басқа дауларды қараудағы рөлі өте зор.

«Дөңгелек үстел» барысында Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының ректоры, заң ғылымының докторы, профессор, академик Өмірәлі Шәкәрапұлы Жалаири, Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі Эльвира Өміршиева, Философия,

саясаттану және дінтану институты саяси зерттеулер орталығының директоры Айдар Өмірбаев өз ойларын кеңінен ортаға салып, дауды шешудегі сот талқылауы ең соңғы шара болуы тиіс деген ортақ пікірге келді.

Мұндай дәлелді пайымдаулар баяндамаларда кеңінен айтылды. Осылайша медиация мен татуластыру рәсімдерінің тиімділігі мәселелерін қозғай отырып, спикерлер тараптардың татуласуымен аяқталған істер бойынша мәліметтерді келтірді. Сотқа дейінгі хаттаманың, АІЖК-ге енгізілген және дауды сотқа дейін шешуге бағытталған жаңа институттың тиімділігі атап өтілді. Қарама-қарсы тараптарға, оның ішінде контрагенттермен ортақ тіл табуға көмектесуге болады. Бір сөзбен айтқанда, қақтығыстарды және кез келген басқа түсінбеушіліктерді сот араласуынсыз шешуді үйрену қажет. Бұл әлдеқайда тиімді және мұндай жолды дауларды сотқа дейін реттеу практикасын табысты пайдаланатын Солтүстік Ирландия, Ұлыбритания Біріккен Корольдігі, Норвегия, АҚШ, Австралия секілді басқа да өркениетті елдер таңдады.

Медиация институтын дамыту, қоғамдық келісім, адам құқықтарын құрметтеу, тілектестік идеяларын бірлесіп ілгерілету бойынша жалпы жоспарларды белгілеуге мүмкіндік бере отырып өткізілген әңгіме пайдалы болып шықты. Бұл медиацияның мәні сотқа жүгінісі келетіндердің барлығына мәселені жаңа көзқараспен қарауға, оны шешудің қолайлы жолын табуға, қатені алдын ала түзетуге көмектеседі. Медиация қиындықтарды жеңуге, кешіруге және проблемаларды шешуге үйретеді. Өйткені, қара түннен кейін міндетті түрде күн шығады.

МӘДЕНИЕТ МӘЙЕГІ



Ұлы дала аңыздары

Абай атындағы қазақ ұлттық академиялық опера және балет театры «Ұлы дала аңыздары» балет қойылымының онлайн нұсқасын YouTube арнасы арқылы ұсынады.

«АҚШАМА-АҚПАРАТ».





«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге, 10 айға – 6005 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге, 10 айға – 16205 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге, 10 айға – 4405 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚАУІП ҚАЙДАН?

Тасқынға тосқын



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Алматы құтқарушылары су тасқыны және қар көшкіні кезінде шұғыл атқарылатын іс-әрекеттерді пысықтады. Жаттығу барысында салалық құрылым мамандарының өзара байланысына баса мән берілді.

Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаменті мәлімдегендей, негізгі жаттығу Сайран су қоймасында жүргізілді. Су тасқынына дайын болу үшін құтқару қызметі аталмыш өзен бойында шеберліктерін тексеріп көрді. Онда өзен арналары мұз бен шөгінділерден тазартылды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде су басу қаупі жойылды.

Арнайы техниканың көмегімен айдалған су өзен арнасынан аулақ жерге төгілді. Дайындық барысында сусорғышқа жиналған сұйықтық ағаштарды суаруға қолданылды. Төтеншеліктер жұмысын мұқият қадағалаған ұйымдастырушылар дайындық барысына оң бағасын берді.

«Біздің біріктірілген жасақ Төтенше жағдайлар министрлігінің құрамына кіреді. Алматы гарнизоны қаладан бөлек, еліміздің өзге өңірлерінде де қауіпсіздікті сақтау үшін және қауіп төнген жағдайда оны жою үшін құрама жасақ ұйымдастырады», – деді ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі бөлімінің бастығы Әділбек Жұмабаев.

Айта кетсек, қар ери бастағанда құтқарушылар негізгі іске көшеді. Оған су арнасынан тасымас үшін арық пен арнаның, өзеннің сағасын кеңейту, сондай-ақ тазарту жұмыстары кіреді. Сондықтан бұл шаруаға 700 бірлік техника мен қаланың 5 мың құтқару қызметкері жұмылдырылды.

ШАРА

«Ашық
есік» күні



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында «Азаматтарға арналған үкімет» МК коммерциялық емес акционерлік қоғамының Алматы қаласы бойынша филиалы «Ашық есік» күнін өткізді.

Шара ХҚК бойынша Медеу аудандық бөлімінде ұйымдастырылды. Жұмыс барысында 50-ден астам азамат әлеуметтік қамсыздандыру, жер кадастрын тіркеу, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу, заңды тұлғаларды тіркеу мәселелері бойынша қызықты сұрақтарымен жүгінді. Қалыптасқан сындарлы диалогта бірқатар азаматтардың қажеттіліктері шешілді. Электронды үкімет порталы арқылы, үйден шықпай-ақ бірнеше қызметті алуға болатынын қарапайым халыққа түсіндіріп өтті. Іс-шара қызмет алушыларға да, қызметкерлерге де пайдалы болды десек, артық айтпағанымыз болар. Шара барлық санитарлық нормаларды, сонымен қатар әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып өткізілді.

Келесі «Ашық есік» күні іс-шарасын 3 ақпанда Алматы ауданының бөлімінде өткізу жоспарлануда.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

2022 ЖЫЛҒЫ 28 ҚАҢТАРДАҒЫ
МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА PFIZER
ВАКЦИНАСЫН АЛҒАН АДАМДАР САНЫ

Барлығы:
I компонент: 599 458
II компонент: 321 432

Жасөспірімдер	Жүкті әйелдер	Бала емізетін аналар
I компонент: 489 793 II компонент: 261 731	I компонент: 25 024 II компонент: 15 523	I компонент: 77 604 II компонент: 44 167

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.
ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта»
АҚ Алматы почтамтына:
259-88-99 (ішкі 20500,
20018) телефондары арқылы
хабарласыңыз



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

ОМИКРОН

БАРЫНША ЖҰҚПАЛЫ

ЖАЛПЫ ӘЛСІЗДІК

ТАМАҚТЫҢ АШУЫ

КӨРҒАҚ ЖӨТЕЛ

ДЕНЕ ҚЫЗУЫНЫҢ КӨТЕРІЛУІ

ДЕНЕНІҢ ҚАҚСАП АУЫРУЫ

КОРОНАВИРУСТЫҢ ОСЫҒАН ДЕЙІН БЕЛГІЛІ БОЛҒАН ШТАМДАРЫНА ҚАРАҒАНДА, ДӘМ МЕН ИІС СЕЗУ ЖОҒАЛМАЙДЫ

Егер осы белгілерді байқасаңыз, дәрігердің көмегіне жүгініңіз!

КОРОНАВИРУСТЫҢ ШТАМДАРЫН ЖҰҚТЫРМАУҒА ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ САҚТАУ МЕН ВАКЦИНАЛАУ ҒАНА КӨМЕКТЕСЕДІ

COVID-19 - ДАН ҚОРҒАНУДЫҢ ЖАЛҒЫЗ ТИІМДІ ТӘСІЛІ - ИММУНДАУ!

Коронавирус инфекциясына қарсы вакцина пайда болғалы бері бүкіл әлемде бірнеше миллиард ересек адам екпе алды.

Коронавирус инфекциясына қарсы вакциналардың қауіпсіздік деңгейі өте жоғары, аурудың асқынуының және науқасты ауруханаға жатқызудың алдын алуға, коронавирус инфекциясынан өлім-жітімді азайтуға көмектеседі.

Кең таралған COVID-19 вакцинациясы - денсаулығына байланысты аса қауіпті топқа жататын кез келген адамды коронавирус инфекциясының ауыр асқынуынан және өлімнен қорғаңызды құрал.

«Pfizer» вакцинасын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДСҰ) 12-18 жастағы балалар мен жасөспірімдерді, жүкті және емізулі баласы бар аналарды вакцинациялау үшін ұсынады.

Қазіргі кезде балалар мен жасөспірімдер арасындағы вакцинация өлемнің 20-дан аса елінде 12 жас, кейбір елдерде 3 жас, (Қытай) және 5 жас, (АҚШ) жүргізілуде.

Америкада «Pfizer» вакцинасымен шамамен 8 миллион адам егілді, оның ішінде 5 жас, (АҚШ) вакцинациялау басталды.

Қытайда 2021 жылдың қазан айында 3 жас, (АҚШ) вакцинациялау басталды.



ДҮНИЕ-ДҮРМЕК

Әсел
ДАҒЖАН

Күннен қуат алады

Tesla компаниясы күн сәулесімен зарядтауға болатын алғашқы смартфонды таныстырды. Оның иелері үшін ғаламторды тегін әрі шексіз пайдалану мүмкіндігі болады.

Tesla Phone-ның мүмкіндігі жоғары әрі бүгінгі таңда нарықтағы ең мықты смартфондармен бәсекеге түсе алады.

Смартфонның ерекшелігі – жарты сағат ішінде күн сәулесімен 20% қуаттауға қабілетті. Күн панелі құрылғының артқы жағында орналасқан.

Телефонды электр қуатын іздемей-ақ, алаңсыз саяхатқа алып шығуға болады. Ал қолданыстағы көп смартфонда мұндай мүмкіндік жоқ.

Сонымен қатар, Tesla Phone Starlink ғаламдық спутниктік жүйесіне тікелей қосылып, кез келген жерден жоғары жылдамдықпен спутниктік интернетті еркін қолдана



алады. Смартфон сатып алушылар үшін желі тегін және шексіз қолжетімді болмақ. Сондықтан алдағы бірнеше жылда телефон зарядтау үшін күн көзін ғана іздейтін секілдіміз.


Тамақты телефонсыз ішесіз

Әсел
БЕЛДЕУБАЕВА

Бүгінде телефонсыз өмір сүрмейтін болдық. Жұмыс істесек те, түнде ұйықтасақ та, тіпті, тамақты да телефонсыз іше алмаймыз.

Озық техниканың бәрі өмірімізді жеңілдету үшін жасалса да, бүгінгі адамдарда артық уақыт жоқ. Тіпті, тамақ ішіп отырып та, телефонға алаңдаймыз.

Бірақ қаңтар айының басынан бері Францияның Альби қаласындағы мейрамханада қонақтардың 90 пайызы смартфонсыз тамақ ішеді. Мейрамхана қызметкерлері келушілердің телефон ұстамауын бақылайды. Ал мейрамхана иелері телефонсыз тамақ ішкен қонақтарға тегін сусын ұсынады. Тегін кофе немесе ас қорыту



үшін сусындар береді. Ол үшін мейрамхана қонақтары телефонның арнайы себетке салып, оған қол тигізбеуі керек. Суретке түсіруге, әлеуметтік желілерден хабарлама алуға, тіпті қоңырау шалынса да телефонның алуға рұқсат жоқ. Мейрамхана иесінің айтуынша, қонақтардың 90 пайызы осындай қызметті пайдаланатын көрінеді. Мейрамхана бұл бастаманы қаңтар

айының басында бастаған. Негізгі мақсат – қонақтарға бір-бірімен көбірек сөйлесуге мүмкіндік жасау болған.

Соңғы жылдары тамақты асхана, кафе, мейрамханада ішуді әдетке айналдырған алматылықтар үшін де осындай игі бастама артық болмайтын тәрізді. Себебі, біз тамақты жемес бұрын бата жасауға емес, суретке түсіруге әдеттеніп барамыз.

СӨЗ АТАСЫ

Қаңтар айы Қазақстан үшін оңай болған жоқ. Лаңкестік шабуылдар, жаппай тәртіпсіздік, бейберекет атыс ел тыныштығын бұзды.

Мұндай «кылы заман» пайдакүнем қарақшылардың оң жамбасына келгені де жасырын емес. Ұйымдасқан бұзақылар, әсіресе, Алаштың Алматысын аямады. Қалаға көп шығын келтірді. «Жегенім алдымда, жемегенім артымда» дегендей, көзіне көрінген дүкен мен банктерді тонап, көтергенін көлікке тиіп, алмағанын аяғына басты. Алайда, көңілге қаяу түсіретін жалғыз мәселе бұл емес. Ел басына күн туғанда азаматтардың бір тобы жаралы жауынгерлерге жәрдемдесіп, бейбіт күн үшін күресе, енді біреулері қарақшыларға еріп, бір сәттік әлсіздікті пайдаланып кетуге тырысты. Бейнекамелар тек бетін бүркеген бұзақыларды ғана емес, қанға келген қасқырдай ұрлыққа түскен жастарды да, қыз-келіншектерді де түсіргеніне куә болдық. Бұл – өкінішті жағдай.

«Тоқта!» дей біл



Дәл осындай сәтте Төлен Әбдіковтің «Парасат майданында» атты шығармасындағы өткір ойлары еске түседі: «Көшеде кетіп бара жатқан әдемі келіншекті көрсен, пенделік жеңілтек сезімге беріліп, оған қызығасың. Бірақ сәл сабырға жүзгін. Ол келіншек – өзің секілді біреудің жары, қарындасы... Сенің сәбиің секілді бір сәбидің анасы. Міне, осы жерде сен үлкен қатыгездік пен табандылық көрсетіп, «тоқта» дей білуге тиісің. Өйткені, бостандық – біреуге залалын тимейтін жерге

дейін бостандық, одан әрі – қиянат».

Елімізге қиянат жасағандар әлі-ақ жазасын алар. Алайда, бұл оқиғаларды тарих қойнауына еш ескерусіз жіберуге болмайды. Әр қиындықтан, әр қасіреттен оны енді қайталамастай халық болып сабақ алуға тиістіміз. Мұндай жағдай еліміздің басына ендігі түспесін деп тілеймін. Бірақ Алланың сыны алдымызға келе қалса, нәпсінің арбауына «тоқта!» дей білейік.

Досбол АТАЖАН.